

Облыс әкімдігінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 56 және облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 347 "Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті ең жоғары көлемі туралы"

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 наурыздағы № 3 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2014 жылғы 14 наурыздағы № 261 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 сәуірде № 4632 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 56 және Қостанай облыстық мәслихатының 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 347 "Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті ең жоғары көлемі туралы" қаулысы мен шешіміне(Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3554 тіркелген, 2006 жылғы 3 қарашада "Қостанай таңы" газетінде және 2006 жылғы 7 қарашада "Костанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мына редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жеке меншікте болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (максималды) көлемі туралы", тақырыбы орыс тілінде өзгеріссіз қалады;
жоғарыда көрсетілген қаулы мен шешімнің кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 27-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына және 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабының 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**.

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының _____ Н. Садуақасов	әкімі	Сессия	төрайымы
		_____ Т. Булгаевич	
		Қостанай мәслихатының	облыстық хатшысы
		_____ С. Ещанов	

КЕЛІСІЛДІ

*"Қазақстан Республикасы Өңірлік даму
министрлігі Жер ресурстарын басқару
комитетінің Қостанай облысы бойынша
аумақтық жер инспекциясы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

_____ *Т. Төлеубаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК